

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 тамыздағы N 831 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1345 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.13 № 1345 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 қаулысына(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 48, 546-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында: мыналар енгізілсін:

Әйтімова Бірғаным Сарықызы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға;

Выборов Анатолий Николаевич - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі - Ішкі істер министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитетінің төрағасы, хатшы;

Әбдіманапов Сәрсенғали Әбдіғалиұлы - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры (келісім бойынша);

Дунаев Арман Ғалиасқарұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Исақов Нұржан Әзімханұлы - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқықтық басқармасы құқық қорғау бөлімінің бас инспекторы (келісім бойынша);

Кәрбозов Қозы-Көрпеш Жапарханұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Сәрсенбайұлы Алтынбек - Қазақстан Республикасының Ақпарат министрі;

Өтеулина Хафиза Мұхтарқызы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі;

"Абдрахманов - Қазақстан Республикасының Ақпарат Сауытбек министрі;

Досаев - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Ерболат Асқарбекұлы министрі  
Червинский - "Казахстанская правда" республикалық  
Олег Григорьевич газеті" ашық акционерлік қоғамының  
президенті (келісім бойынша)"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Абдрахманов - "Егемен Қазақстан" республикалық  
Сауытбек газеті" ашық акционерлік қоғамының  
президенті (келісім бойынша);

Досаев - Қазақстан Республикасының Денсаулық  
Ерболат Асқарбекұлы сақтау министрі;  
Червинский - "Казахстанская правда" республикалық  
Олег Григорьевич газеті" ашық акционерлік қоғамының  
президенті (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан:

Павлов Александр Сергеевич, Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы, Дүтбаев  
Нартай Нұртайұлы, Жолдасбеков Мырзатай Жолдасбекұлы, Жұмағұлов  
Бақытжан Тұрсынұлы, Қосмұхамедова Жәннат Оразымбетқызы, Смайылов  
Ержұман Өтешұлы шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Нашәқорлық пен есірткі бизнесінің алдын  
алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері  
жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

"1. Жалпы ережелер" деген бөлімнің 2-тармағы "өзге де нормативтік  
құқықтық кесімдерін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Ережені" деген  
сөздермен толықтырылсын;

"4. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру" деген бөлімнің 10-тармағындағы "  
ай сайын" деген сөздер "қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет" деген  
сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы*  
*П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*